**Автор**: Кадірбай Ерсін Кадірбайұлы
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Заттар және материалдар
**Тақырып**: Қоспа түрлері және оларды бөлу әдістері

---

| | |
|---|---|
| Мақсаты | Барлығы: Қоспа және таза заттар туралы түсінеді, сипаттайды. Көпшілігі: Қоспа және таза заттарды ажырата алады және бөлу әдістерін біледі. Кейбірі: Қоспа мен таза заттардың бөлу , ажырату әдістерін біле отырып, тәжірибе жұмысын ұйымдастыра алады |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5) | 1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу. Назарларын аудару , көңіл күйлерін көтеру мақсатында шаттық шеңберін құру. 2. Алдынғы білімге шолу жасау: «Сұрақтар» әдісі арқылы жалпы жұмыс істеу тәсілін қолдану. Зат деген не? Табиғаттағы заттардан не жасауға болады? Таза зат, қоспа зат дегенді қалай түсінесіз? Таза затты, қоспа заттан қалай қалай ажыратар едіңіз? Таза заттарға жатады ...................................................... Қоспа заттарға сіз қандай заттарды жатқызасыз? Атап көрсетіңізші ...................................................................... Сіз күнделікті өмірде өзіңіз қолыңызбен қоспа зат жасай алар ма едіңіз? Қоспа заттар мен таза заттардан .................... ерекшелінеді. | Оқулық, басқа да ақпарат көздері. Интерактивті тақта |
| Сабақтың ортасы (30) | Сабақтың тақырыбын ашу үшін видео сабақ үзіндісін көрсету. Мәтінмен жұмыс жасау. Сабақ барысында орындалатын тапсырмалар: 1 Тапсырма: Берілген сөздерді пайдаланып қоспа және таза заттардың тізімін жасаңдар. Қажетті сөздер: шай, иогурт, темір үгінділері, ауа, теңіз суы, қантты су. Ойлау дағдыларының деңгейі - білу, түсіну, қолдану Дискриптор: Білім алушы қоспа және таза заттардың тізімін жасайды,ажыратады. 2 Тапсырма: Мына терминдерге анықтама беріңіздер: А) Біркелкі қоспалар ................................... В) Біркелкі емес қоспалар ............................ Ойлау дағдыларының деңгейі - білу, түсіну Дискриптор: Білім алушы қоспаның түрлері туралы біледі. | 1. Смайликтер арқылы. 2. Басбармақ әдісі арқылы. 3. Бағдаршам әдісі. |
| Сабақтың соңы (5мин) | Сабақтың соңы Рефлексия Алтын қоржын әдісі | стикер |